

«Қызыларай жалпы білім беретін мектебі» КММ-сінің
бракераждық комиссия отырысының

Хаттама №1

« 05 » 09 2023 ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры, комиссия төрағасы – А.Абдразахов
2. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Н.Кажықаримова
3. Әлеуметтік педагог м.а. - М.Кәрім
4. Медбибі - Г.Мухашева
5. Ата-аналар комитетінің төрайымы- А.Айтжанова
6. Мүше, ата-ана - К.Ахметова
7. Мүше, ата-ана К.Шахенов

Күн тәртібінде:

1. Бракераж комиссиясының құрамы, жұмыс жоспары
2. Жаңа оқу жылында ас блогы мен тамақтану залының дайындығы

Тыңдалды: 1-ші мәселе бойынша мектеп директоры: А.Абдразахов сөз алды:


2023-2024 оқу жылында мектеп асхана жұмысының және оқушылардың тамақтануының дұрыс ұйымдастырылуын, асхана жұмысын бақылау мақсатында бракераждық комиссиясы құрылу және құрамында мектеп әкімшілігі, медбибі, ата-аналар төрайымы және жауапты маман құрылуы тиіс. Осы комиссия мүшелері асханаға келген тағам өнімдерінің сапасын, олардың сақталу мерзімдері мен жағдайларын дайындау технологиясына, ас блогының санитарлық жағдайына бақылау жүргізетіндігін, бракераждық комиссиясы өз қызметінде СанПин талаптарын, рецепт жинақтарын, технологиялық картаны, берілген ережелер бойынша басшылыққа алады. Тамақтан уланудың алдын алу, асхана-ішек ауруларын болдырмау, тамақтың дайындау техникасын қадағалау, тамақтанудың толыққанды ұйымдастырылуы, түрінің, тізімінің көбейтілуін тамақтың дәмін татып, оның бағасын беріп, нәтижесі журналға жазылып, таратуға рұқсат берген жағдайда ғана, тамақ таратылады. Сонымен қатар журналға дайын тағамның дәмі, сыртқы түрі, түсі, иісі, құрамы, қаттылығы, шырғандылығы міндетті түрде жазылуы тиіс екенін және айына бір рет бақылау жүргізетінін айтты. Ыстық тамақты ұйымдастыру тікелей жауапты әлеуметтік педагог м.а. М.Кәрімге жүктелді. 1-тоқсанның басынан бастап ыстық тамақ ұйымдастырылды.


2-ші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Кажықаримова жаңа оқу жылының басталуына байланысты ас блогы мен тамақтану залының дайындығы туралы сөз алды: Мектеп асханасының жаңа оқу жылына ас блогының және тамақтану залының дайындығы тексерілді. Талапқа сай жабдықталған. Ыстық тамақ ұйымдастырылды, ата-аналармен түсінік жұмысын жүргізілді. Жалпы оқу қорынан 36 оқушы анықталып, 1-4 сынып 22 оқушы, 5-11 сынып бойынша жекелеген санат 14 оқушы тамақпен қамтылып отыр.

Шешім етті: 1. Ата-аналармен ыстық тамақтың ұйымдастырылу туралы түсінік жұмысын жүргізу әлеуметтік педагог м.а. М.Кәрімге тапсырылсын.

2. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету қызметі келісімге сәйкес үнемі комиссия тарапынан бақылауда болсын.

3. Бақылау басшылық жасау тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Н.Кажықаримоваға атап тапсырылсын.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  Н.Кажықаримова

Әлеуметтік педагог м.а.  М.Кәрім

Хатшы:  А.Айтжанова